

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Амангазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлиар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

Тұрысбек Рақымжан Сағымбекұлы
филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ Қ.БАЙТАНАСОВА ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ С.МҰҚАНОВ МҰРАСЫ

Академик-жазушы С.Мұқановтың өмірі мен шығармашылық қазынасы ел әдебиеті тарихында кең орын алады [1, 170-211 бб].

Атақты жазушының шығармашылық мұрасы анықтамалықтар мен арнаулы әдебиеттерде кеңінен көрініс тапты [2, 218;377-378 бб].

Бұдан басқа, зерттеу еңбектерінде жан-жақты қарастырылды [3].

Академик-жазушы С. Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы хақында М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, М. Қаратаев, Б. Кенжебаев, Р. Бердібаев, Е. Лизунова, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Ш. Елеукенов Р. Нұрғалиев, Қ.Ергөбек, Р.Тұрысбек, К.Ахмет, Қ. Байтанасова, С. Тайманова, Р. Кажиақпарова, Р. Султанғалиева т.б. жазушы, ғалым, зерттеушілер еңбектерінде, жалпы ел әдебиеті мен оның даму кезеңі, әдеби үдеріске қатысты мақалаларында кең көлемде анық-қанық ой-пікірлер айтылды.

Анығында, ел әдебиетінде – халық фольклоры айрықша орын алады. Ақын-жазушылар шығармашылығында да тиісінше сөз етілді. Осы орайда, ұстаз-ғалым Қарлығаш Байтанасованың «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр» атты зерттеуі де тақырыптық ерекшелігімен ден қойғызып, халық мұрасын байыпты қарастырып, мәнді саралап-салғастырып, кеңінен танып-талдап, жүйелі айқындап, зерделеуімен мәнді [4, 107 б].

Аталған кітаптың «Кіріспе» бөлігінде академик-жазушы С.Мұқановтың ел әдебиетінің барлық жанрында қалам тартып, ерен де өнімді еңбек еткені кеңінен сөз етіледі. Тиісті тұста: «...Оның қаламынан жаңа ғасыр биігінде жаңаша түлеген қоғамның әрбір қадамын жырлаған лирикалық өлеңдер, қазақ халқының соқталы тағдыр-талайын сомдаған іргелі поэмалар туды. Өнімді де шапшаң еңбектенетін жазушы ондаған драмалық шығармалар, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, ағымдағы әдеби процестің жетістік-кемшілігін саралап, салмақтаған сын-мақалалардан бастап, көлемді зерттеулер қалдырды», -деп жазушы еңбегінің басым қырларын нақты жазады [4, 3 б].

Бұдан басқа, С.Мұқановтың фольклорға қатысын – халық мұрасымен, оны жинап-жариялау ісіндегі ерен еңбегімен байланыстырады. Оның басым бағдарын, маңыз-мәнін кеңінен ашып, қыр-сырын былайша білдіреді: «...Қазақ әдебиеті Нәм Ыбырай» мақаласында бұл әдебиетті жасаушы халық екендігін, нешеме өнер иелерінің ел арасынан шығатынын айтады. Одан басқа «Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық» (1939), «Айтыс және ақын» (1939), «Батырлар жырының әдебиеттегі орны» (1939), «Халық ауыз әдебиеті және Доскей» (1940) зерттеулерімен қоса, «Батырлар жыры» (1939) мен «Айтыс» (1942) жинақтарын құрастырды» [4, 3 б].

Бұдан бөлек, С. Мұқановтың батырлары жыры мен ғашықтық жырлардың мәнін, оның табиғаты мен тарихын, бастапқы кезеңі мен шарықтау тұсын,

халық өміріндегі орны мен кезеңдік сипатын әр қырынан алып қарастырады. Негізінен: «...Олар: 1. Алтын орда хандығының ыдыраған тұсы; 2. Ресей майданындағы ұсақ ұлттарды отарлау кезі; 3. Қалмақпен жауласқан тұс; 4. Ресей мемлекетінің қазақ даласын отарлау кезі. Міне, қазақ тарихында есімдері ардақталған батырлардың шығуын осы кезеңдермен үндестіреді. Бұл саладағы зерттеушілердің тағы бір ғылыми жаңалығы – батырлар жырындағы ортақ мотивтерді анықтап, қазақ эпостарының ерекшелігін бөліп атайды. Қазақ фольклорында кең өрістеген жанр – ғашықтық жырлар төңірегінде ой қозғап, олардың екі кезеңді, дәуірді бөліп алады. Біріншісі – жан ғашықтығы, екіншісі – романтизм туа бастаған кездегі ғашықтық жыр. Олардың ішінде, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» жырларына тоқталып, олардың белгілі нұсқаларына, сюжеті мен образдарының берілу ерекшелігіне тоқталады» [4, 3 б].

Кітап құрылымы да назар аудартады: 1. С.Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық жанрлар мен сюжеттер; 2. Ақын шығармаларында фольклорлық кейіпкерлердің бейнеленуі; 3. Қаламгер туындыларындағы фольклорлық амал-құралдардың көркемдік қызметі.

Аталған бөліктердің – «С.Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық жанрлар мен сюжеттер» деп аталатын тарауында (5-40 беттер) көркем әдебиеттің басқа өнер түрлерінен ерекшелігі алабөтен аталып, осы ретте – фольклорға, кешеден бүгінге жеткен тарихи жолына, көркемдік-рухани қайнарларына, мәдени-дүниетанымдық аспектілеріне, тағылымды тұстарына айрықша мән береді. Әсіресе, әдебиет пен фольклордың тарихи байланысы мен өз ара айырмасы, ортақ һәм өзекті мәселелері бары да айқындалады. Осы орайда, әсіресе: «...Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға бет бұруы, күрделі тарихи заңдылықтардың ашылуы, ақын-жазушылардың фольклордың нақты, тарихи, мәнді кезеңдеріне назар аударуы, оның басты бір ұлттық ерекшелігін, халықтығын танытудағы бірден-бір құрал болғандығын ешкім жоққа шығара алмайды», -деп кезеңдік, даму бағдарына байыпты түйін жасайды [4, 5 б].

Бұдан басқа, фольклор мен әдебиеттің өзіндік айырмашылығы, екі эстетикалық жүйе болып табылатындығы, өз ара әсер ету үдерістері әр кезеңде әрқалай көрініс бергені де негізгі назарда болады (5-бет). Маңыздысы, ел әдебиетіндегі ақын-жазушылар арасында С. Мұқановтың шығармашылығында фольклор тарихы мен оның өзекті мәселелерін кең түрде көрсетіп, бұл бағытта елеулі еңбектер атқарғаны, бірқатар туындылар жазғаны да айрықша аталады (6-бет). Бұл ретте, әсіресе «Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай» атты мақаласына тоқталып, халық және жазба әдебиет мәнін кең түрде ашады. Айталық, шыншыл ертегілерде ұшырасатын – Тазша бала іс-әрекетін, айла-тапқырлығын, зұлым күш иелерінің аюандығын – әзіл-әжуа, күлкі арқылы мұқатып, шындық шырағын жарқыратып жағатын тұстарын айрықша атайды (6-бет). Қазақ қоғамында байдың есігінде болып, езіліп-жаншылған, қағылып-соғылған – Мырқымбай, Шоқпыт, Қозыбақ, Қарашұнақ сынды қағажу көрген кейіпкерлердің күндік-құлдықтағы бейнесін алуан мысал, деректер негізінде кең түрде ашады. Бұл бағыттағы ізденіс іздері, мысал, дереккөздері, талдау-салыстырулар жүйесі, қағидат-ұстаным мәні былай беріледі: «...Фольклордағы

басқа жанрларға қарағанда ертегіге тән бір ерекшелік, онда көбінесе қаһармандардың есімдері болмайды. Бірнеше ертегілерде бірдей типті қаһармандар кездеседі, әрі олардың іс-әрекеттері де біркелкі болып келеді. Сонымен бірге, олар белгілі бір әлеуметтік топтардан шыққан болады. Мәселен, тазша, кедей, қойшы, бала, шал, кемпір – төменгі әлеуметтік топ өкілдері. Олар ертегілерде көбіне қиындыққа, қауіп-қатерлі әрекеттерге немесе хан мен байдың қаһарына ұшырап жүреді» [4, 7 б].

Зерттеу бағыттарынан – С. Мұқанов шығармашылығындағы қанатты сөздер жүйесі – мақал-мәтелдердің жиі ұшырасып, қолдану аясына мән беріледі, семантикалық һәм эстетикалық орын-үлесі, жанама һәм тура мағынасы (тұспалдап, ишаралап) да тиісінше назарға алынады (10-14 беттер). Сондай-ақ, аңыз-ертегілер мен қисса-дастандар жүйесіндегі қоғам һәм заман шындығы, адам мұраты, еңбек болмысы, өмір-тұрмыс, тіршілік сырлары да кең орын алады (17-бет). Бұл ретте, әрине халық әдебиеті нұсқалары, С. Мұқанов шығармашылығындағы – «Батырақ», «Жалшы», «Жетім қыз», «Сұлушаш», «Жұпархан» т.с.с. аңыз-ертегілер желісі, идеялық-көркемдік сапасы, сюжет мәні, тілдік-стильдік сипаттары орын алады (21-бет). Лирикалық өлеңдері мен поэмаларындағы фольклорлық элементтер мәні, ертегі мен аңыздағы халықтың асқақ арманы, жұмбаққа құрылған өлеңдер мазмұнындағы жаратылыс сырлары, қоршаған орта, құбылыс сипаттары, танымдық-танытқыштық қасиеттері де кең түрде айқындалады (40-бет).

«Ақын шығармаларында фольклорлық кейіпкерлердің бейнеленуі» атты екінші тарауда (41- 68-беттер) С. Мұқановтың әдеби-сыни мұрасына (56-бет), тұлпар бейнесін еңбек үдерісіне қатысты көрсетуі, темір жолды халық тұрмысымен байланыстыруы, қыран құс – бүркіт бейнесі жылдамдық-шапшаңдық қасиеттермен көрініс беруі, гүл һәм гүлстан атауларын – Отан мәнімен сабақтастықта салыстырып, өз ара шендестіруі («Гүл бағындай Отаным») т.т. адамзат қоғамындағы даму үрдістері, қоғам мен адам мұраттары, еңбек болмысы, өмір өрімі, жастық, достық сипаттары көрінеді. Сонымен бірге, С.Мұқанов шығармашылығындағы тақырып мәні, жанр табиғаты, кейіпкерлер жүйесі, жекелеген сөздердің табиғаты мен қолданыс аясы бірқатар мысал-дерек, желі-жүйе түрінде беріледі [4, 68]. Негізгісі, әрине: «мыстан», «пері», «шайтан», «албасты» қорлықта күн кешкен күн-қызметшілерге қарата бай мен бәйбішенің аузымен айтылады» (68-бет), сондай-ақ «Тәңірі», «темірқазық», «бақ», «тұлпар», «қыран» ұғымдары жаңа заманның көрінісін бейнелеуде алынған» айқындалады (68-бет). Мұның мәні, әсіресе бастапқы тұста: «...халықтың байырғы ұғымдарын әдеби-көркемдік дәрежеге көтерген, көне замандардан тотықпай келе жатқан мұраларды жаңғырта жалғастырған», -деп тұжырым жасалады [4, 68 б].

Зерттеу еңбегінің - «Қаламгер туындыларындағы фольклорлық амал-құралдардың көркемдік қызметі» атты тарауында (69-100 беттер) асыл сөз мәні, жанрлар жүйесі, көркемдік арналар тоғысы кең көлемде қарастырылады. Фольклор мен әдебиет арасындағы байланыстың тарихи мәні мен сипаттары, жаңашылдық-жасампаздық қасиеттері, поэзия әлемі, өлең өлшемі, мазмұн мен түр, буын мен тармақ, ырғақ пен үйлесім сырлары да кең түрде назарға

алынады. Ол, әсіресе поэзиядағы – сезім мен ойдың поэтикалық көрінісі (69-бет), халық поэзиясының кеңес дәуіріндегі әдебиет өкілдеріне әсер еткені (69-бет), фольклор мен әдебиет арасындағы байланыс арналары алуан түрлі жолдармен шығармашылық түрде жеткені (70-бет) кеңінен көрсетіледі. Осы орайда, С.Мұқановтың «Поэзия мәселесі» атты мақаласы көркемөнер табиғатымен етене сөз етіліп, фольклор мен әдебиет арақатнасын ашып, қазақ поэзиясының есейіп-өсу деңгей-дәрежесімен байланыс-сабақтастықта өріс алатыны, ұдайы дамып-жетілгені жан-жақты сөз етіледі (71-бет). Зерттеу нысаны етіп алынған - «Қыран құс» өлеңі, «Жетім қыз», «Сұлушаш» поэмалары тақырып һәм көркемдік өріс аясында талданып, өмір өрімі, кейіпкер болмысы, әрекет-қимыл һәм оқиға мәні, сюжет желісі ір қырынан алынып жіті сараланады (76-78-беттер). «Майға сәлем» өлеңі жыл мезгілі, адам мұраттары мен болмысы, өмірдің өрнекті өрімі, табиғаттың көркем көрінісімен сабақтас өріс алады (78-бет). Ой түйінінде: «...Көркем әдебиет – өнердің бір түрі. Ал, өнерге шығармашылық қасиет тән. Кез келген суреткер шығармашылық иесі ретінде өзінің көркемдік танымы мен шеберлігін, дарын қуатын жұмсау арқылы бейнелі, тың дүниелер жасауға ұмтылады. Ондай туындылардың , ендеше, халық жадында қалатыны ақиқат», -деп бастапқы көркемөнер әлемімен, оның ішінде сөз өнері мәнімен зерделенеді [4, 100 б].

Анығында, ақиқатқа табан тіресек: «...Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады» [5, 7 б]. «Өнер алды – қызыл тіл», -деген халық даналығында да байтақ мағына, зор маңыз, терең мән бар.

Ойға алсақ, академик-жазушы С.Мұқановтың шығармашылық қазынасы хақында көптеген іргелі ізденістермен бірге, маңызды мақалалар жазылып, зерделі зерттеулер жасалды. Ғылыми еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалды. Орайлы тұста: «...Атап айтқан жөн, Т. Нұртазиннің «Жазушы және өмір» (1960), «Халық жазушысы» (1960), А. Нұрқатовтың «Сәбит Мұқановтың шығармашылық жолы» (1956), М. Хасеновтың «Жазушы және өмір» (1958), «Дәуір және жазушы» (1968), «Сәбит Мұқанов және фольклор» (1980), Т. Бейісовтың «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы Горький дәстүрі» (филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация, 1952), І. Есқожиннің «Сәбит Мұқанов - публицист (1978), Б. Манасбаевтің «Сәбит Мұқанов поэзиясының тілі» (филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация, 1960), С. Мақыповтың «Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романының шығармашылық тарихы» (филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация, 1975), Қ. Ергөбектің «Жан жылуы» (1981), «Сәбит Мұқанов» (1989, 2000), «Жазушы шеберханасы» (2002), «Келбет» (2020), Р. Тұрысбектің «Дүниетаным және шығармашылық» (1993), «Сәбит Мұқанұлы және қазіргі әдеби үдеріс» (2007), Қ. Байтанасованың «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр» (2004), К. Ахметтің «Сәбит Мұқанов – ғұлама ғалым» (2010), Р. Султанғалиеваның «С.Мұқанов романдарындағы диалог қолдану ерекшелігі» (Автореферат-2009) т.б. зерттеулер даңқты қаламгердің әдеби мұрасына арналды. Бірқатар естелік пен әдеби-сын мақалалар жинағы жарық көрді (Кәдімгі Сәбит Мұқанов.- Алматы: Жазушы, 1984. – 392 бет; Сәбит Мұқанов тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1990.

– 384 бет; Мұқанова М. Сағынышым – Сәбитім.- Алматы: Өлке, 2000. – 104 бет). Академик-жазушы С. Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы хақында М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, М. Қаратаев, Б. Кенжебаев, Р. Бердібаев, Е. Лизунова, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Ш. Елеукенов Р. Нұрғалиев, Қ.Ергөбек, Р.Тұрысбек, К.Ахмет, Қ. Байтанасова, С. Тайманова, Р. Кажиякпарова, Р. Султанғалиева т.б. жазушы, ғалым, зерттеушілер еңбектерінде, жалпы ел әдебиеті мен оның даму кезеңі, әдеби үдеріске қатысты мақалаларында кең көлемде ой-пікірлер айтылды» [6, 10-11 бб].

Осы реттен келгенде, Қ.Байтанасованың даңқты қаламгер С.Мұқанов мұрасын, ондағы фольклорлық дәстүр тарихнамасын кең түрде қарастырып, ел әдебиетінің даму үрдістерімен, мысал, дереккөздерімен байытып, ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеп-зерделеуі мәнді екені анық. Зерттеу бағыты мен жүйесінен – тақырыпқа дайындықпен келіп, еркін ену, маңыз-мазмұнын, мағына-сырын жан-жақты ашу, талдау нысанын, асыл өзегін тап басып, кемел сөз ету, мысал-дереккөздерімен байытып-бекітіп, салыстырып-салғастырып, әр қырынан қарастырып, нәтижесінде жазушы еңбегін – сөз өнерінің талаптары тұрғысынан таразылып, көркемдік-эстетикалық принциптер биігінен қарап, біліми-ғылыми аспектіде байыпта бағалайды. Әрбір тақырып, мазмұн жүйесі жөнінде мәнді бағалау, терең тұжырымдар жасалады.

Зерттеу еңбегінің «Қорытынды» бөлігінде – аталған тараулар төңірегінде бірқатар байыптаулар жасалып, маңызды аспектілер, өзекті мәселелер айқындалады. Сонымен бірге, әдебиет пен өнердің – қоғам мен өмір өрімінде, руханият жүзіндегі орын-үлесі айқындалады. Фольклор құбылысы мен шындығы, әдебиет пен фольклордың арақатнасы, байланысы мен өзекті тұстары терең зерделенеді. Фольклор мен дәстүр мәселесі – сөз өнері табиғатымен, көркемдік-эстетикалық мұраттар төңірегінде кең өріс алады.

Тегінде, фольклор құбылысы, тұтастану табиғаты, жалпы тарихнамасы қырлы –сырлы сипаттарымен тереңге тартады. Осы реттен келгенде, фольклор мен әдебиеттің әуелгі белгі-ерекшеліктері арғытарихта, қазіргі кезеңде де сөз болып келеді. Ойға алсақ, академик С. Қасқабасов «Әдебиет пен фольклордың байланысы туралы» атты мақаласында фольклоризм тарихнамасына, өзіндік айырмасы мен ортақ тұстарына, мәдени мұра Іәм көркемдік жүйесіне назар аударады. Оқып көрелік, онда: «...Әлемдік фольклортануда «фольклор» ұғымы өте кең мағынада қолданылады. Оған халық музыкасын, халық биін, халық өлеңін, халық театрын, халық әдебиетін, халық қолөнерін, халық қолданатын ырымдар мен ғұрыптарды, салттар мен наным-сенімдерді жатқызады. Демек, фольклор дегеніміз – тек қана ел арасына тараған ауызекі шығармалар емес, фольклор – халықтың бұрынғы замандарда өмір сүрген бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият. Ол – көп салалы, сондықтан көп сипатты және көп функциялы, синкретті руханият. Өте ерте заманда туып, жүздеген ғасырлар бойы өмір сүргендіктен, фольклор ежелгі қоғамның дүниетанымы және мәдениеті болған. Үнемі қолданыста болғандықтан, ол – адамдар тұрмысының қажетті бөлшегіне, атрибутына айналған. Ұзақ тарихи дамудан өткен фольклор біздің дәуірге сөз өнері әрі мәдени мұра түрінде жетіп отыр. Міне, осының бәрі фольклорды

әдебиеттен әлдеқашан бұрын пайда болып, өзіндік көркем жүйе қалыптастырған сөз өнері деп тануға негіз болмақ...

Әдебиет пен фольклордың байланысы – әлем мәдениетінің дамуындағы басты заңдылықтардың бірі. Жер жүзіндегі қай әдебиетті алсақ та, оның шығу тегі фольклор екенін көреміз. Сондықтан әдебиеттегі фольклоризм барлық әдебиеттің тарихы мен теориясын зерттегенде де, жеке ақын-жазушылардың шығармаларын талдағанда да көрнекті орын алады» [7, 300-302 бб].

Демек, фольклор мен әдебиет бастапқы арнасын арғытарихтан алады, әрі сөз өнерінің түрі ретінде ғасырлар қойнауынан қазіргі кезеңге жетіп, ел әдебиетінің, руханият әлемінің бөлінбес бөлшегі, біртұтас тұғырына айналды. Әдеби шығармашылықтың, жазушы еңбегінің де ағысты арнасы, кең өрісі. Қазіргі уақытта, фольклор мен әдебиеттер байланысы берік нығайып, бірін-бірі байытып-толықтырып, жүйелі бағыт алып, ұдайы дамып келеді. Көркемөнер мазмұнын әр қырынан байытты. Әдеби туынды табиғатына да еркін еніп, шығармашылық мәнін айқындап, ағысты арнаның асыл өзегіне айналды. Бұдан байқалатыны, фольклор – асыл сөздің бастауы болса, әдебиет – халық мұрасы, ғасырлардан жеткен ағысты арна, байтақ сөздің кең өрісі.

Ақиқатында, фольклор және әдебиет әлеміне қатысты жайттардың бәрі-баршасы – кеңес дәуіріндегі әдебиеттің даңқты тұлғасы, асыл сөздің барлық жанрында ерен еңбек етіп, сүбелі үлес қосқан – «Кәдімгі Сәбең!» - Сәбит Мұқановтың шығармашылық мұрасымен байланыс-сабақтастықта сөз етіледі. Өйткені, Сәбиттанушы Қ.Ергөбек атап көрсеткеніндей: «...Қазақтың үлкен жазушысы Сәбит Мұқанов – кеңестік қилы-қилы кезеңде өмір сүрді. Уақыт, заманаға орай коммунистік көзқараста қалыптасты. Кеңестік идеологияға жегіліп, советтік саяси науқандарға араласуға мәжбүр болды. Соған қарамастан халық бағы мен сорын, қуанышы мен қайғысын арқау еткен көп шығарма берді. Ол шығармалар кезінде халықтың рухани қажетін өтеді, жақсылыққа, игілікке тәрбиеледі. Ол шығармаларда жазушы кеңестік тар шеңберде қалып қойған жоқ. Көркем шығармалар әлі де гуманистік ой, ізгілік міндет жетегінде...

...С.Мұқанов – қаламгерлік тәжірибесі бай, шығармашылық шеберханасы қызықты қаламгер. Оның шығармашылық іс-тәжірибесі қазақ жазушыларының бірнеше буынына ықпал еткен. Бірнеше буын қазақ жазушылары Сәбит Мұқановтан үйренген. Ол – қазақ әдебиетінде қаламгерлік мектебі бар ұстаз қаламгерден. Олай болса, С. Мұқановтың шығармашылық шеберханасын ашу, белгілі дәрежеде, қазақ әдебиетінің жарты ғасырлық тарихына барлау жасау. С.Мұқанов шеберханасына жол салу, қазақ әдебиетінің ортақ заңдылықтарына бару!" [8, 236 б].

Осы орайда, сөз жоқ академик-жазушы С.Мұқановтың шығармашылық мұрасы байтақ әлем: қиял қанаты кең өрісті, өлең жүйесі - өрнекті, қарасөзі - бейнелі де бедерлі, қаһармандары әр алуан әлеуметтік топтарға жатқанымен, қоғам мәнін, заман шындығын, адам мұраты мен арман-аңсарларын, тарих пен таным тоғысын, еңбек болмысын, уақыт рухын айқын аңғартса, қолтаңба мен көзқарасы – анық-қанық Іәм боямасыз-бүкпесіз болса, көркемдік өрісі – кең, шабыт шалқары телегей теңіздей – иірім-сырлары мол. Өмірде қарапайым, жұртқа жақын, жас ұрпаққа мейірім шуағын барынша түсіретін – «Кәдімгі

Сәбит Мұқанов» шығармашылық мұрасымен де алыс-жақынға, қалың көпшілікке, оқырман қауымға да кеңінен мәшһүр еді. Бұл айтылғандар, негізінен сөз арқауы етілген – «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр» атты зерттеудің асыл өзегін құрайды. Фольклор мен әдебиет мәні, шығармашылықтағы халық әдебиеті нұсқаларының орын-үлесі, жанр жүйесі, көркемдік өріс арналары айқындалады. Автор атап көрсеткеніндей: «...Сәбит Мұқановтың лирикалары мен поэмаларында фольклорлық сюжеттердің, жанрлардың, мифологиялық кейіпкерлердің бейнеленуі мен фольклорда қалыптасқан дәстүрлі бейнелеу құралдарын, көркемдік өрнектерді қолданудағы шеберлігі айқындалады» [4,4].

Жинақтап айтқанда, ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр» атты еңбегінде (2004) ел әдебиетінің даму эволюциясын қазақ сөз өнері аясында дамытып, оны көрнекті қаламгер С. Мұқанов мұрасы төңірегінде кең көлемде қарастырып, тақырып мәнін кең түрде ашып, жанр жүйесі мен көркемдік арналарды байыпты барлап-саралап, алуан салыстыру-салғастырулар жасап, маңызды түйін-тұжырым жасаған елеулі еңбектер қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Кеңес дәуірі (1941-1956). 8-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004. – 170-211 беттер
2. Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 218 бет; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, Ltd: ЖШС, 2005. – 377-378 беттер
3. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 371 бет; Кәкішұлы Т., Ахмет К. Сәбит Мұқанов. – Астана: Фолиант, 2009. – 352 бет; Ергөбек Қ. Келбет. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 624 бет; Тұрысбек Р. Дүниетаным және шығармашылық. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 144 бет; С. Мұқанұлы және қазіргі әдеби үдеріс. – Астана: ЕҰУ, 2007. – 175 бет; Көркемдік дүниетаным және шығармашылық психологиясы. – Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2025. – 247 бет; Байтанасова Қ. С. Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр. – Астана, 2004. – 107 бет; Сұлтанғалиева Р. С. Мұқанов романдарындағы диалог қолданысы. – Алматы: Арыс, 2010. – 204 бет, т.б.
4. Байтанасова Қ. Сәбит Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр. – Астана, 2004. – 107 бет
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003.- 7 бет
6. Тұрысбек Р. Көркемдік дүниетаным және шығармашылық психологиясы. Монография. – Астана: «Булатов А.Ж.» - ЖК, 2025. – 10-11 беттер
7. Қасқабасов С. Таңдамалы. 2-том. – Астана: Фолиант, 2014. – 300-302 беттер
8. Ергөбек Қ. Келбет (Сәбит Мұқанов тағдыры). – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.- 236 бет